КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылы 26 желтоқсан №7119-24-00-2/16546 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар Министрлігі» ММ

ЖАУАПКЕР:
«Rezon KZ» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҰЙЫМДАСТЫРУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

2024 жылғы 19 қыркүйектегі «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларын бекіту туралы № ЗЦП1 13034882 – шешім негізінде «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі мемлекеттік мекемесінің арасында (бұдан әрі – Министрлік)

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 21.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Тюлебекова Г. С., 27.03.2025
7119-24-3-1/16048

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

және «Rezon KZ» ЖШС (бұдан әрі – Өнім беруші) 2024 жылғы 30 қыркүйекте No 151 Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (бұдан әрі-шарт). Шарттың 3.1-тармағына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде және тиісінше орындауға, шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде техникалық ерекшелікке сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 46-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Шарт 2024 жылғы 30 қыркүйекте аумақтық қазынашылық органында тіркелген. 2024 жылғы 27 қазанда Министрлік пен «Rezon KZ» ЖШС арасында шартқа қосымша келісім жасалды.

Қосымша келісімнің 1.1) тармақшасына сәйкес, 1-қосымшаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді: «Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі - шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн» сөздері мен сандары «2024 жылдың 4 қарашасына дейін (қоса алғанда)» сөздерімен ауыстырылсын.

Техникалық ерекшелікте «Жұмысты орындау мерзімі – шарт күшіне енгеннен кейін 20 күнтізбелік күн» сөздері мен сандарын Жұмысты орындау мерзімі – 2024 жылдың 4 қарашасына дейін (қоса алғанда)» сөздерімен ауыстырылсын» делінген. Осылайша, өнім беруші тауарды уақытында жеткізуі керек еді, алайда 2024 жылдың 5 қарашасына дейін тауар жеткізілмеген.

2024 жылғы 22 қарашада Министрлік шартты бұзу туралы хабарлама жіберді. Шарт біржақты бұзылды.

ҚР АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес, Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Тұрақсыздық айыбы сотқа жүгінгенге дейін 29 мерзімі өткен күндерге 66 259,20 теңгені құрады.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 21.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Тюлебекова Г. С., 27.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар Министрлігі» ММ-нің жауапкер «Rezon KZ» ЖШС-н мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Rezon KZ» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Rezon KZ» ЖШС-нан мемлекет кірісіне 66 259,2 (алпыс алты мың екі жүз елу тоғыз) теңге 2 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 3 834 (үш мың сегіз жүз отыз төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 21.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Тюлебекова Г. С., 27.03.2025

7119-24-3-1/16048

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 21.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Тюлебекова Г. С., 27.03.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»